

Экотуризмдегі инновациялық технологиялар



Орындаған: Айтқазин Е. Б.

Жоспар

Кіріспе

1. Экотуризм түсінігі
2. Туристік саладағы инновациялар
3. Экотуризмдегі инновациялар
4. Экотуризмдегі инновациялардың негізгі қағидалары

Қорытынды

Экотуризм түсінігі

Экологиялық туризм- антропологиялық әсер болмаған табиғат аудандарына саяхат жасау.



“Экотуризм” термині батыста мексикалық эколог Гектор Себальос Ласкурайнның бастамасымен конференциялардың бірінде ресми түрде қолданылды.



Туристік саладағы инновациялар

Инновация- маркетингтік зерттеулер және ашылулар нәтижесінде өндіріске енгізілген объект.

Инновация басқа салалар сияқты, туризмде де жаңашылдықтардан айырмашылығы бар. Инновациялық өзгерістер туризмде ішкі эффективті өсудің энергиясын қалыптастырады.

Бұл өзгерістер тепе-теңдікті құртады, алайда болашақ дамудың негізін қалайды, жүйенің жаңа сапаға ауысуын қалыптастырады. Осылайша, туризм саласындағы инновация жаңа өнімді құруға немесе ескі өнімді өзгертуге, транспорт, қонақ үй және басқа салалардың дамуына, нарықты игеруге, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізуге, ұйымдастыру-басқару саласының дамуына бағытталған.



Экотуризмдегі инновациялар

- Экотуризмде инновацияларды енгізу елдегі экономикалық жағдайға, халықтың әлеуметтік жағдайына, мемлекеттік заңнамаға, сондай-ақ, халықаралық келісімдерге байланысты. Сондықтан экотуризмде инновациялық технологияларды енгізу әр елде әртүрлі болып келеді.
- Қазіргі таңда туристік өнімді экологизациялау тәсілдері игерілуде. Экологиялық-туристік технология деген кезде экологиялық –туристік бағдарламаларды ұйымдастырған кездегі максималды эффективті техникалық, кейде ұйымдастырушылық жетістіктерді айтып отырмыз.



Экологиялық-туристік технология екі мақсатта
құрастырылады

Қоршаған
ортаға
зиянды
азайту үшін

Туристердің
экологиялық
қауіпсіздігі
үшін



Классикалық экотуризм

```
graph TD; A[Классикалық экотуризм] --> B["“Ecolodge”-экологиялық үй, баспа. Бұл қоршаған ортаға архитектуралық тұрғыдан да, экологиялық тұрғыдан да минималды залал келтіретін, қауіпсіз материалдардан салынған және шығыны аз шағын отель."]; A --> C["“Экоүй”, 1970 жылдары экономикалық кризис кезінде пайда болды. Жанармай мен жылу бағасының қымбаттауы эффективті экологиялық үйлердің пайда болуына әкеп соқты."];
```

“Ecolodge”-экологиялық үй, баспа. Бұл қоршаған ортаға архитектуралық тұрғыдан да, экологиялық тұрғыдан да минималды залал келтіретін, қауіпсіз материалдардан салынған және шығыны аз шағын отель.


“Экоүй”, 1970 жылдары экономикалық кризис кезінде пайда болды. Жанармай мен жылу бағасының қымбаттауы эффективті экологиялық үйлердің пайда болуына әкеп соқты.

Экологдардың келесідей артықшылықтары:

- шағын қабатты
- шағын аумақты алуы
- табиғи энергия көздерін қолдануы, яғни күн, жел, геотермальді энергия
- арзан баға
- қатты және сұйық қалдықтарды өңдеу жүйесі
- экологиялық жылыжайлардың болуы
- өсімдіктердің көп болуы

Экотуризмдегі инновациялардың негізгі қағидалары:

- Ғылыми қағида
- Жүйелілік қағидасы
- Туристер сұранысына сай болу қағидасы
- Эффетивтілік қағидасы
- Инновациялардың заманауилық қағидасы
- Байланыстылық қағидасы
- Қауіпсіздік қағидасы



“Жасыл” инновациялардың енгізілуі үлкен шығындарға алып келуі мүмкін. Алайда, инновациялардың негізгі мәні туризм үшін ең аз шығынды, қоршаған орта үшін зияны жоқ, ресурстарды тиімді қолдануға мүмкіндік туғызатын шешімдерді табу.

ДТҰ-ның бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі директоры Марсио Фавильяның айтуынша:

“Біз көріп отқан бүгінгі инновациялар, туризмнің одан да тиімді әрі қоршаған ортаға қауіпсіз бола алатынына мысал бола алады. 2012 жылы туристердің саны 1 млрд-қа жеткенін ескресек, біз үшін “жасыл” инновацияларға туризм дамуының катализаторы ретінде қолдау көрсету өте маңызды”.

Экотуризмдегі инновациялардың негізгі принциптері

1. **Ғылыми қағида.** Туристердің сұранысына байланысты инновацияларды жүзеге асырудың ғылыми тәсілдерн қолдануға негізделген.
2. **Жүйелік қағидасы.** Ұйымдастырылып жатқан инновациялық даму стратегиясы бірнеше факторлар мен жағдайларға икемделуі керек, туристердің сұранысын қанағаттандыру, ауданның ресурстық мүмкіндітері, инновациялардың қоғамға әсері, сыртқы орта факторлары т.б.
3. **Туристер сұранысына сай болу қағидасы.** Туристік мекеме енгізген немес қоршаған ортаға зияны бар жаңашылдықтардың орнына, туристерге шынымен де қажетті жаңашылдықтар ұсынылады.



4. **Эффектілік қағидасы.** Қажетті зерттеулерді ұйымдастыру үшін, яғни инновацияларды жүзеге асыру үшін инвестициялық ресурстар қажет. Бұл инновациялардың эффективтілігі маңыздылығы мен инновациялардың масштабтылығымен анықталады.
5. **Инновациялардың заманауилық қағидасы.** Инновациялар мен олардың нәтижелері қоғамның даму деңгейіне сай болуы.
6. **Байланыстылық қағидасы.** Жаңашылдықтарды енгізу процесі нарықта жаңа өнімнің пайда болуымен аяқталады. Жаңа өнім өз кезегінде келесі жаңашылдықтың енгізілуіне әсерін тигізеді және сол жобаның ақшалай қамтамасыздандырылуын қамтамасыз етеді.
7. **Қауіпсіздік қағидасы.** Кез келген жаңашылдық қоршаған ортаға және адамға қауіпсіз болатынына кепілдік берілуі керек.



Национальный
экологический центр
Республики Казахстан

МЫ ЗА ЭКОТУРИЗМ!

www.k-zh.kz

Қорытынды

Қорытындылай келе, экотуризм тұрақты әрі қоршаған ортаға минималды әсер тигізуі қажет.

Экотуризмнің басты міндеті туристердің экологиялық білімін арттыру, туристердің табиғатқа деген махббатын арттыру.

Экосаяхаттар ұйымдастырудың басты мақсаты туристер үшін туристік аудан жайлы толық ақпарат беру. Саяхат барысында қоршаған орта экожүйелеріне залал тимейді.

Экотуризмнің дамуына және жаңа клиенттерді тартуға жаңа инновацияларды енгізудің маңызы зор. Қазіргі таңда туристік агенттіктер мен демалыс базалары, туристер үшін экотур немесе ауылдуық туризм түрлерін ұсынуда. Бұл турлар барысында туристер қалалық шудан демалып, атпен серуендеуге, жорықтарға шығуға, байдаркамен жүзуге мүмкіндік алады, балалар үшін табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыратын экологиялық палаткалық лагерлер ұйымдастырылған.